

Ж. Сембекова, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: Б.А.Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазіргі қазақ тілінде күнделікті өмірде қолданылмайтын, қолданылған жағдайда өткен тарихи дәуірдің ескілік жағдайларын көрсету үшін тарихи әдебиеттерде, көркем шығармаларда қолданылатын сөздер кездеседі: қаба сақал, қара құрым, көзі қанық, мау тарту, салы суға кету, майып болу, пұшайман жеу, жегідей жеу т. б. бұл күнде сөздік құрамның пассив тобындағы немесе қолданудан мүлдем шығып жатқан сөздер¹. Мұндай сөздердің бастапқы мағынасы күңгірттенген, кейбірінің мағынасын тек мәнмәтін арқылы ажыратуға болады. Кешегі аға буын жазушыларымыз қолданған сөздердің кейбірін бүгінгі ұрпақ, немере буын түсініпкіремей отыр...

Тарихи шығармаларда мағынасы күңгірттеніп, қолданыстан шығып қалған, өткен өмір мен ескірген әдет-ғұрыпты бейнелейтін, әртүрлі кәсіпке байланысты ұмыт болған атаулар мен сөз тіркестері көптеп кездеседі.² Кірпияз қыран балдырлы, батпақты жердегі үйрекке түсіп, зипа бойын кірлеткісі келмейтін болар, қашан да құстарды ұшырып жіберіп, аспанда айқасқанды ұнатады. Зипа — көрікті, шырайлы, сымбатты, сұлу. Жүрек жалғар жемді қайдан табам дейтін емес, көк жүзіне көтерілсең болғаны, ризық дегенің шашылып жатады. Ризық — бұйырған нәсіп, ырыс. Бұл өзі — түстікте Ерентау Алатаудың арасын, терістікте барқытбел мен Барқытты емін еркін жайлаған жасамыс кәрі құзғын еді. Жасамыс — қиын-қыстауды басынан өткізген, көпті көрген тәжірибелі кісі, маман. Қырандар — айрықша жаралған, дегдар, ақсүйек құстар. Дегдар — асыл тұқымды, жуан текті³.

Соңғы келтірілген екі сөйлемге назар аударып қарасақ, автор көнерген сөзді (жасамыс — кәрі, дегдар — ақсүйек) кейінгі сөзбен синоним етіп, плеонастикалық тізбек құрап қолданған. Мұндай плеонастикалық тізбек құрамындағы мағынасы жақын немесе синоним сөздердің тіркесіп келуі мағынаны нақтылай, айқындай түсу түседі.

Жақсы иттің тұқымын күшік кезінде бодауына қой беріп алушы еді. Бодау I — бір нәрсенің төлеуі, өтеуі. Бодау II — үлкен лөкет пышақ. Түсіндірме сөздікте біз білмейтін бодау сөзінің екі түрлі мағынасы беріліпті. Алғашқы мағына осы мәнмәтінге сай келеді, яғни жақсы иттің тұқымына өтеуі ретінде, ақысына қой беретіндігі бұл жерде сөз болып отыр.

Нәпақа — табыс, ризық, тең — көлікке арту үшін буып-түйілген жүк деген мағына. Жұмыссыз қалған жігіттерге бұл да бір нәпақа болса керек, ауыр теңдер мен теңкиген алабажақ қаптарды иықтарына салған жүкшілер бірінен-бірі озып, жанталасып жүр.

Аужал — қуат, күш, демеу. Қожыра — бір нәрсенің берекесі кету, құру, сұйылу. Өзінен сәл ғана кіші бәйбішесінің сыны да, сыры да кетіп болған. Оны аужал тұтпай, бертінге дейін «ер азығын» жолдан тауып жүруші еді, кейінгі кезде ол да қожырап кетті.

Күн табағы алыстағы құм төбелерге бауырлай батып, ең соңғы қиығы да көзден таса болған. Сол-ақ екен, алаулаған қызыл бояу бірте-бірте сұйылып, жусанды дала суыған темірдей қара барқын тартты⁴.

Барқын I — көне, өлген адамның басына қойылған құлпытас. Барқын II — тау бөткерінде, далалы жазық жерлерде өсетін ересек шөп. Барқын III — қоңырқай жасыл.

Күпі сөзі де екі түрлі мағынада жұмсалады. Бірі — зат есімді білдірсе (ішіне жабағы салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық жылы сырт киім), екіншісі етістікті білдіреді (лепіру, бөсу, мақтану). Мысалы, мына сөйлемде мағынасы көмескіленген сөз етістік мағынасында жұмсалып, кісінің көңіл күйін білдіріп тұр. Осыдан он бес күн бұрын осы жолмен қалаға келгенде, мына көріністер сұрқы қашқан, қиқы-жиқы, тым жүдеу күйде шалынып еді. Енді қараса, аның бәрі өңделіп, құлпырып кетіпті. Онда Баяхметтің көңілі күпі еді. Бір сәт әйелдің жүзі нарау тартып, бір мұңлы көлеңке жүгіріп өтті. Нараяу — әлсіз, нашар⁵.

Ұлттық тілдің сөз қазынасы түр-тұрпаты жағынан да әр алуан болып келеді: дара сөздер, қос сөздер, тұрақты сөз тіркесі түрінде кездесетін лексикалық бірліктер бар. Солардың бір саласы — фразеологиялық тіркестер. Фразеологизмдер құрамының тұрақтылығы, кез келген тұста қолданыла бермейтін талғампаздығы, мағына-мазмұнының бейнелілігі көркем

шығарма тілінде ерекше стилистикалық қызмет атқаруына бірден бір негіз болады. Аталған тілдік құбылысты шығарма желісіне сай орынды, талғампаздықпен қолдана білу жазушының үлкен шеберлігін қажет етеді.

Барлық өңірі қан сасып, өлексеге толып кеткен немесе мамық жүні сұйылып, төс сүйегі шодырайып, әбден жүдеп кетті деген сөйлемдегі екі фразалық тіркес синонимдік қатар құрап қолданылған.

Харап қылды фразалық тіркесінің алғашқы сыңары да қазіргі күнде пассив қолданылатын сөз. Харап қылды — жойылды, құрыды, быт-шыты шықты⁶. Жолына кесе-көлденең тұрсаң, өзінді харап қылады. Талғажау — қоректік зат. Мұның міндеті — артқы шепте солардан қалғанды талғажау етіп, жер бетін артық-ауыстан тазарту ғана.

Қысқаша айтқанда, көркем шығарма тіліндегі мағынасы көмескіленген сөздерді талдай отырып, ертеден келе жатқан тарихи мәдениетімізді толық танып-білуге мүмкіндік аламыз.

¹ Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы. Сөздік словарь, 2006.

² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2008.

³ Жұмаділов Қ. Прометей алауы. — Алматы, 2002.

⁴ Бұл да сонда.

⁵ Жұмаділов Қ. Корсетілген жұмыс.

⁶ Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. — Алматы, 2007.